

2005 жылғы 19 шілдеде Брюссель қаласында "Қазақстан Республикасы - Еуропалық Одақ" ынтымақтастық кеңесінің жетінші отырысы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 1 қарашадағы N 310-ө
Өкімі

2005 жылғы 19 шілдеде Брюссель қаласында өткізілген "Қазақстан Республикасы - Еуропалық Одақ" ынтымақтастық кеңесінің жетінші отырысы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру және Еуропалық Одақпен екі жақты қатынастарды одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2005 жылғы 19 шілдеде Брюссель қаласында "Қазақстан Республикасы - Еуропалық Одақ" ынтымақтастық кеңесінің жетінші отырысы барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөніндегі тиісті шараларды қабылдасын және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігін уақтылы хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі тоқсанына кемінде бір рет есептіден кейінгі айдың 10-күніне Қазақстан Республикасының Үкіметін Жоспардың орындалу барысы туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 1 қарашадағы
N 310 - ө өкімімен

бекітілген

**2005 жылғы 19 шілдеде Брюссель қаласында
"Қазақстан Республикасы - Европалық Одақ" ынтымақтастық
кеңесінің жетінші отырысы барысында қол жеткізілген
уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Р/с N	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
1	Еуропалық Одақтың Қазақстанға нарықтық экономикасы бар ел мәртебесін беруі туралы	Тұрақты	Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан

	мәселені Еуропалық Одақтың демпингке қарсы тергеулерді жүргізуі кезінде пысықтау		Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
2	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Атом энергиясы жөніндегі Еуропалық Қоғамдастық арасында Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді жасасу мәселесін пысықтау	2006 жылғы II тоқсан	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
3	"Жасыл карта" халықаралық сақтандыру жүйесіне Қазақстан Республикасының қосылуына Еуропалық Одақтың ықпал ету мүмкіндігі және Қазақстан Республикасының кәсіпқой жүргізушілері үшін Шенген аумағындағы визалық режимді жеңілдету мүмкіндігі жөніндегі ұсыныстар туралы мәселені пысықтау	2006 жылғы II тоқсан	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
4	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастық арасындағы Халықаралық әуе тасымалдары саласында жаңа келісім жасасу туралы мәселені пысықтау	2006 жылғы I жарты жылдық	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
5	Қазақстан Республикасының белгілі бір ауыл шаруашылығы тауарларының еуропа нарығына қол жетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі қажетті құжаттарды одан әрі қарау үшін Еуропалық Одаққа жолдау туралы мәселені пысықтау	Тұрақты, еуропа тарабымен келісім бойынша	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі